

АБАЙТАНУҒА ҚОСЫЛҒАН СҮБЕЛІ ЕҢБЕК



Техника және философия ғылымдарының кандидаты, Абай мен Шәкерім мұраларын зерттеуші ғалым Асан Омаровтың «АБАЙ: ашылмай келген қырлары» атты монографиясы қазақ руханиятының бастау бұлағы, қайнар көзі болып табылатын

Абай әлеміне қосылған өзіндік мол үлес.

Абай жолы біздің халықтың адастырмас темірқазығы, дәлірегі, ұлттық идеология болуы қажеттігін бір ғасырдай бұрын абыз Мұхтар Омарханұлы Әуезов бастап бергені баршаға аян. Асан Омаровтың зерттеу кітабы осынау өзекті мүддеге толық арналған. Автор Абайдың туғанынан қайтқанына дейінгі 60 жылдық ғұмырды әр кезеңімен, тұлғалық эволюциялық өсу жолымен, шашау жібермеуге тырысып қарастырғаны айдан анық. Сонымен қатар Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» атты роман-эпопеясына жол көрсеткіш гид сияқты көрінетін тұстары бар, себебі, әрқашан ұлы жазушының құнды туындысына сүйене сөз сөйлейді. Абайдың ғұмырбаяндық, шығармашылық белестері тегіс қамтылған осы кітап жас буынға, өсер ұрпаққа арналған әліппелік сипаты да бар. Соқырға таяқ ұстатқандай тәптіштеп таныту бар. Абайтануды нақты, жүйелі, арналы, деректі сабақтайды.

Монография Мұхтар Әуезовтің жүйелі зерттеулерінен аулақ кетпейді. Автор абайтанудың Мұхаң айта алмай кеткен қырын, сырын ашуға басымдық берген. Сонымен қатар көрнекті абайтанушы ғалымдар, жазушылар және шежірешілер - Әбіш Жиреншин, Қайым Мұхаметханов, Ақжан Машанов, Мекемтас Мырзахметұлы, Ғарифолла Есім, Тәкен Әлімқұлов, Бекен Исабаев, Дүкенбай Досжан, Николай Анастасьев, Тұрсын Жұртбай, Молдабек Жанболатов, Таласбек Әсемқұлов, Бейбіт Сапаралы, Амантай Исин, Әміржан Қосан, Бауыржан Ердембеков тәрізді авторлардың кітаптарын қамтып, орынды жерінде кірістіріп, үнемі нақты сілтеме жасалған.

Автор монографиялық зерттеу еңбегіне мән-мағыналы тарау-тарау ат қойып, Абайдың өмірі мен шығармашылығының қайраткерлігінің хронологиялық шеруін деп салып, оның көшпелі өркениет тарих сахнасынан кетерде бұрынғы өмір салтынан айрылуға мәжбүр, сол себепті қоғамға жаңа көзқарас қабылдауы тиіс тұтас бір

халықтың рухани көсемі, әулиесі екенін ашуды алдына мақсат қылғаны көрінеді. Ғалым Абай тұлғасын 5 кезеңге бөліп талдайды. Автордың нығыздай айтары ұлттық мүддені жүзеге асыруды Абай әлемін танып-білу арқылы келтіру:



«Абайды таныту – қазақты таныту» (8 бет). Әрі Абай жөнімен, біліп айтса қанша айтылса да қазақ халқы үшін таусылмас космос тәрізді. Асекеңмен республикалық «Абай» журналында 11 жыл бірге қызмет істедім. Ғалымның кісілік адал, зиялы болмысы мен еңбекқорлығы Абай мен Шәкерім дүниесіне бастады деп білемін.

Кіріспеде Асан Омаров Абайдың ұлылығын, суреткерлігін, даналығын, хакімдігін жоққа шығаруға тырысатын жат, дұшпан, томырық, теріс әрі жалған пікірлерден қорғандың, жолын кесудің жалғыз жолы Абайды таныған үстіне нақты тани түсу қажеттігі екенін жазған: «Абай да өзіміз сияқты пенде» немесе «Асыра көтермелеп, қолдан көсем жасадық» деген пікірлер белең алуда. Абайдың шынайы бейнесін көрсетудің маңыздылығы да осы арада. Қазақ мәдениеті мен әдебиетінің ұшар басында тұрған тұлғаны қолдан жасау, әрине, мүмкін емес», – деп жазуы орынды.

Абай әлеміне қайрыла соға беруге құштарлық жаһандану дәуірінде урбандалуға байланысты амалсыз өзгеріске ұшырай бастаған қазақ менталитетін, ұлттық сана-сезімін терең түсінуге бастайды. Автор Мұхаңның «Абай жолы» роман-эпопеясынан дерек келтіріп отырады. Пысықтау. Бала Абайдың кілең татар молдалардан сауат ашуы, бала Абайға әріп танытқан Қабдыназарұлы Ғабитхан молда, кейінірек Семей медресесінде ұстазы Ахмет Ризадан бата алуы соның белгісі. Семей қазақтары татар демей, ноғай деп сөйлейтін әдетін Асан Омаров Ноғайлы дәуірінен жеткен архаизм деп қиыстыруы көкейге қонымды. Ғабитхан молда кітапқұмар жан болыпты, шәкірт Абайға классикалық шығыс әдебиетінің дәмін алғаш татырған осы кісі екен. «Ол тобықты еліне мұсылмандық білім сәулесін шашуға күш-жігерін сарқа жұмсаған»; «Абайдың 1866 жылы інісі Халиоллаға жазған хатында да татарша тіл шұбарлығы тұнып тұр». Абай алғашқы өлеңдерін татаршалап жазғаны белгілі. Абайдың тағы бір